**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» ММ облысти»**
Шұбарқұдық ауылы

**ГУ «Отдел образования Темирского района Управления образования Актюбинской области»**
село Шубаркудук

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

2023 жылғы «8» 09 № 367 «____»_____20__ год

**Аудандық білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестердің өкілеттігін тоқтату туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» *(жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 01.03.2023 № 56 бұйрығы)* бұйрығы негізінде

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н:**

1. Облыстық білім басқармасының 2018 жылғы 29 тамыздағы № 275 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарында құрылған қамқоршылық кеңестердің өкілеттігі тоқтатылсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің әдіскері Д.Қалиеваға жүктелсін.

**Бөлім басшысы** **А.Өсербаев**

**Келісемін**

**Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:** [signature] **А.Адаев**

**«Теректі мектеп-балабақшасы» КММ бойынша Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары**

**2023-2024 оқу жылы**

| № | Жұмыс түрі | Өткізілетін күні | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | 2023-2024 оқу жылына қамқорлық кеңесінің құрылуы<br>Отырыс №1<br>Қамқоршылық кеңесінің құрамын бекіту, жұмыс ережесімен таныстыру, жұмыс жоспарын құру | қыркүйек | Қамқоршылық кеңесінің мүшелері |
| 2 | Демеушілерден жиналған ақшалай көмекті мектеп іс-шараларына жұмсау, белсенді оқушыларды марапаттау | Жыл бойы | Қамқоршылық кеңесінің төрағасы мүшелері |
| 3 | Ата-аналармен мұғалімдердің арасында білім- тәрбие процессінде материалдық-техникалық базасын нығайту | Жыл бойы | Қамқоршылық кеңесінің төрағасы мүшелері |
| 4 | Қамқоршылық кеңесінің мүшелерін мектепшілік мерекелерге, іс-шараларға қатыстыру | Жыл бойы | Қамқоршылық кеңесінің төрағасы |
| 5 | Мектеп алаңын абаттандыруға байланысты жұмыс ұйымдастыру | Қазан, сәуір | Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, мүшелері |
| 6 | Отырыс №2<br>2023-2024 оқу жылына қамқоршылық кеңесінің мониторингісін жүргізу | Наурыз сәуір | Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, мүшелері |
| 7 | Отырыс №3<br>Қамқоршылық кеңесімен ата-аналар комитетінің алдағы 2024-2025 оқу жылына перспективтік жоспарын құру | мамыр | Қамқоршылық кеңесінің төрағасы мүшелері |
| 8 | 2023-2024 оқу жылына қамқоршылық кеңесінің есебі | Қыркүйек 2024ж | Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, мүшелері ата-аналар комитеті |
| 9 | Емтихан комиссиясына мүшелік ету, емтихан әділ өтуін қадағалау | | Қамқоршылық кеңесінің төрағасы |

Жаңартылған күні: 11.10.2023 11:17

**Темір ауданының білім бөлімінің**
**« 26 » қараша 2023 жылғы**
**№ 418 бұйрығына**
***№19 қосымша***

**Теректі мектеп-балабақшасының қамқоршылық кеңес мүшелерінің тізімі**

| № | Аты-жөні | Жұмысорны | Кеңесмүшесі |
|---|---|---|---|
| 1 | Адаев Арыстанбек Шайхиевич | ТОО «КЕЗБИ» | Төраға |
| 2 | Досанова Гүлшара Назарбаевна | Теректі мектеп - балабақшасында педагог - психолог | Мүше |
| 3 | Беримова Гүлшат Ауданбайқызы | Ата-аналар комитетінің мүшесі | Мүше |
| 4 | Ізімқұл Сағындық Ізімқұлұлы | «Тасқопа ауылдық округі әкімінің » ММ-нің бас маманы | Муше |
| 5 | Молданиязова Айна Жолбатыровна | Теректі мектеп-балабақшасында мұғалім | Мүше |
| 6 | Капанова Лида Ажигереевна | Тасқопа ауылдық кітапханасының кітапханашысы | Мүше |
| 7 | Койбагаров Әнуарбек Койбагарович | Ардагер ұстаз | Муше |
| 8 | Жанұзақ Ақбөбек Елжасқызы | Жұмысшы | Мүше |
| 9 | Төлеуов Нұрбол Берікұлы | Кәсіпкер | Мүше |
| 10 | Жұманбек Аян Батырбекұлы | Оқушы, Мектеп президенті 11-сынып | Мүше |
| 11 | Мұратова Еркеназ Жәнібекқызы | Оқушы, Ұланбасы 10- сынып | Мүше |

Қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамасы

№1 хаттама

Тасқопа ауылы 04.08. 2023 жыл

**Күн тәртібі:**

1. **«Мектепке жол» қайырымдылық акциясын ұйымдастыру**.
Жауапты: Мектеп-балабақша директоры: Б.Нұрсұлтанов
2. **Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күн көрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға материталдық көмек көрсету.**
Жауапты: Илясова М ДТІЖ
3. **Әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларды ыстық тамақ ішуін ұйымдастыру.**
Жауапты: Л.Егешова Әлеуметтік педагог.

Қатысушылар:

| | |
|---|---|
| Төраға: | Кушбаев Б.И |
| Мүшелері: | Досанов Н.О |
| Хатшы: | Капанова Л.А |
| | Ізімқұл С.І |
| | Көшбаев А.А |
| | Есдәулет Е.Е |
| | Койбагаров Б.А |
| | Сәдуов А.Ж |

**Тыңдалды.**

Күн тәртібінің мәселесін мектеп-балабақша директоры: Б.Нұрсұлтанов таныстырды және мәселе бойынша сөз бастады. Ата-аналар,сынып жетекшілер аудандық білім бөлімінің жылдық жоспарына сәйкес 2023-2024 оқу жылында «Мектепке жол» республикалық акциясын ұйымдастыру әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалудың алдын алу, 6-17 жас аралығындағы балаларға орта білім беруді қамтамасыз ету, жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын жүргізу, аз қамтамасыз етілген отбасы балалары мен көп балалы отбасылардан және жетім ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларға қолдау көрсету мақсатында білім беру мекемелерінде жыл бойы өтетіндігін және мұхтаж балаларға материалдық көмек көрсету ушін мәслихаттармен, әкімдіктің құрылымдық бөлімшелерімен, жеке кәсіпкерлермен ынтымақтастықты ұйымдастырылады. Әлеуметтік көмекке мұхтаж балаларға қайырымдылық көмек көрсету үшін киім, аяқ киім, мектеп керек-жарақтарын , тамақ өнімдерін қабылдау жұмыстары жүргізіледі.Сол себепті әлеуметтік көмекке мұхтаж балаларға көмек қолымызды созып демеуші болайық деп сөзін аяқтады.

Келесі сөзді ДТІЖО М.Илясоваға берді. Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күн көрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға материалдық көмек көрсету. Ата-аналар акцияның мақсаты оқумен қамтылмаған балаларды аныктау, аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға , жетім балаларға сондай-ақ оқу жылына дайындық уақыты кезінде ата-аналардың қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша мектепке балалардың келмеуін алдын алу. Мектеп жасындағы барлық балаларды орта білімен қамту проблемаларына жұртшылықтың және тұрғын халықтың назарын аударту, және көмек қолын созуды ұйымдастыру.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Л.Егешова жаңа оқу жылы бойынша ата-аналардан бір өтініш түсті. Ата-ананың өтініш мәселесі қаралып құжаттары

жинақталды. Өтініш бойынша әлеуметтік мәртебеге ие 3(үш) оқушы анықталды. Бұл оқушыларға мектеп асханасынан тегін ыстық тамақ берілуін сұраймын.

| № | Баланың аты-жөні | Туған күні, айы, жылы | Сыныбы | Әлеуметтік мәртебесі | Ата-анасының аты-жөні | Ата-анасының жұмыс орны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Беркін Ақбота Талапқызы | 08.06.2014 | 3 | Аз қамтылған отбасы АСП | Дербісова Ақбаян | жұмыссыз |
| 2 | Беркін Нұрдана Талапқызы | 07.05.2012 | 5 | | Боранбаев Талап | Теректі МБ-да шаруашылық меңгерушісі |
| 3 | Беркін Бекет Талапқызы | | 1 | | | |

Кеңес мүшелері белгіленген мәселе бойынша сөйлегендерді тыңдап, мәліметтерді саралай отырып, **ШЕШІМ ЕТТІ:**

- «Мектепке жол» акциясының жоспары құрылып,балаларға мектеп формасы,оқу құралдары,киім-кешек,аяқ киім және тағы басқа заттар ұйымдастырылып,берілсін.
- «Мектепке жол » акциясына барлық мұғалім өз үлесін қоссын.
- Жаңа оқу жылында мектеп асханасынан әлеуметтік мәртебеге ие 3 (үш) балаға ыстық тамақ беріліп, кезекші мұғалімдер бекітілсін.

Қатысушылар:

Төраға: Кушбаев Б.И

Мүшелері: Досанов Н.О

Хатшы: Капанова Л.А

Ізімқұл С.І

Көшбаев А.А

Есдәулет Е.Е

Койбагаров Б.А

Сәдуов А.Ж

Қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамасы

№1/а хаттама

Тасқопа ауылы 27.11. 2023 жыл

**Күн тәртібі:**

1.2023-2024 оқу жылында қамқоршылық кеңесін қайта құру нұсқаулығымен таныстыру , қамқоршылық кеңесінің төрайымы мен мүшелерін сайлау.
2. Қамқоршылық кеңесінің жұмысын жоспарын талқылау, бекіту.

Қатысушылар:

| | |
|---|---|
| Мектеп директоры | Н.Нурсултанов |
| Директордың ТІО | М.Илясова |
| Әлеуметтік педагог | Л.Егешова |

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы - Адаев Арыстанбек- төраға, «ТОО КЕЗБИ» мұнай газ өндіру кешені,тракторшы.
2. Кеңес мүшесі –Досанова Гүлшара Теректі мектеп- балабақшасында педагог психолог.
3. Кеңес мүшесі - Беримова Гүлшат Ата-аналар комитетінің мүшесі
4. Кеңес мүшесі - Ізімқұл Сағындық «Тасқопа ауылдық округі әкімінің ММ- нің бас маманы»
5. Кеңес мүшесі - Молданиязова Айна Теректі мектеп- балабақшасында қазақ тілі пәнінің мұғалімі
6. Кеңес мүшесі - Қойбағаров Әнуарбек Ардагер ұстаз
7. Кеңес мүшесі - Жанұзақ Ақбөбек Жұмысшы
8. Кеңес мүшесі- Төлеуов Нұрбол Жеке кәсіпкер
9. Кеңес мүшесі- Қапанова Лида Тасқопа ауылдық кітапханасының кітапханашысы
10.Кеңес мүшесі-Жұманбек Аян Оқушы, мектеппрезиденті 11-сынып
11.Кеңес мүшесі- Мұратова Еркеназ Оқушы, Ұланбасы 10-сынып

**Тыңдалды.**

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша қамқоршылық кеңесін құру нұсқаулығымен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Илясова толық таныстырып өтті. 2023-2024 оқу жылында қамқорлық кеңесінің төрайымы мен мүшелерінің сайлауы өтіліп, қамқоршылық кеңесінің құрамына 11 адам мүше болып тағайындалды.

II.Мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Жоспар қамқоршылық кеңес мүшелері арасында талқыланып, таныстырылды.

Кеңес мүшелері белгіленген мәселе бойынша сөйлегендерді тыңдап, мәліметтерді саралай отырып, **ШЕШІМ ЕТТІ:**

**I.** Қамқоршылық кеңесінің төрайымы мен мүшелері тағайындалып, бекітілсін.
**II.** Жоспардағы іс- шаралар мерзімге сай орындалсын.

| | |
|---|---|
| 1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы | Адаев А |
| 2. Кеңес мүшесі | Ізімқұл С |
| 3. Кеңес мүшесі | Досанова Г |
| 4. Кеңес мүшесі | Молданиязова А |
| 5.Кеңес мүшесі | Беримова Г |
| 6. Кеңес мүшесі | Төлеуов Н |
| 7. Кеңес мүшесі | Жанұзақ А |
| 8. Кеңес мүшесі | Койбагаров Ә |
| 9. Кеңес мүшесі | Қапанова Л |
| 10. Кеңес мүшесі | Жұманбек А |
| 11. Кеңес мүшесі | Мұратова Е |

Қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамасы

№2 хаттама

Күні: 05.12.2023

**Күн тәртібінде қаралған мәселелер:**

1.Бюджеттен тыс түскен демеушілік қаржыларының мақсатты пайдалануы.

2.Қамқоршылық кеңесінің жарты жылдық қорытынды есебі

Қатысушылар:

| | |
|---|---|
| 1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы | Адаев А |
| 2. Кеңес мүшесі | Ізімқұл С |
| 3. Кеңес мүшесі | Досанова Г |
| 4. Кеңес мүшесі | Молданиязова А |
| 5.Кеңес мүшесі | Беримова Г |
| 6. Кеңес мүшесі | Төлеуов Н |
| 7. Кеңес мүшесі | Жанұзақ А |
| 8. Кеңес мүшесі | Койбагаров Ә |
| 9. Кеңес мүшесі | Қапанова Л |
| 10. Кеңес мүшесі | Жұманбек А |
| 11. Кеңес мүшесі | Мұратова Е |

**Тыңдалды:**

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша:**

**Қамқоршылық кеңес төрағасы:** Адаев А Теректі мектеп-балабақшасындағы аз қамтылған, көп балалы отбасындағы балаларды жаңа жылдық сыйлықтармен қамтмасыз ету керек. Осы мақсатта жеке кәсіпкерлер бізге демеушілік жасап отыр. Демеушілік барысында 50 мың теңгедей қаржы түсті. Осы қаражатты үйлестіруіміз керек.

Кеңес мүшесі: Е.Есдәулет Жеке кәсіпкерлерден түскен қаражат аз қамтылған, ерекше санаттағы оқушыларға жаңа- жылдық силықтар алынып берілсе деп ойлаймын.

Кеңес мүшесі: С.Ізімқұл сонымен қатар балаларға мерекелік көңіл -күй сыйлау үшін шырша және шырша ойыншықтары алынса деген пікірдемін.

Кеңес мүшесі: Г.Досанова балалардың мерекелік көңіл күйді сезіну үшін осылай жасағанымыз дұрыс сияқты, мен қолдаймын.

«Мектепке жол» акциясы барысында демеуші болғандар: Мектеп мұғалімдері оқушыларға мектеп формасы мен оқу құралдарын алып берді 5 оқушыға табысталды. Жеке кәсіпкер Есдәулет Еркебұлан 100000тг(жүз мың) көлемінде бір оқушыға мектеп формасымен қамтамасыз етті. Және Ата ана Ідірісова Мейрамгүл бес оқушыға мектеп сумкасын табыс етті.

Сөз сөйлеген:

**Кеңес мүшесі Молданиязова А**:

Мектебімізде ай сайын Қайырымдылық акциясы өткізіліп , барлық класс жетекшілер көп балалы , толық емес, мүмкіндігі шектеулі оқушыларға көмек көрсетіп отырады. Алдағы уақытта да осы мақсаттағы жұмыстар жалғасын табатындығын айтып өтті.

**Екінші мәселе бойынша :**

**Қамқоршылық кеңес төрағасы Адаев А.** Теректі мектеп-балабақшасының жанынан құрылған Қамқоршылық кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары құрылып төмендегідей жұмыстар жүргізілді.
2023-2024 оқу жылы қыркүйектен бастап 139 оқушымен дәстүрлі оқу бағдарламасымен сабақ басталды. Екі тоқсан бойынша мектебімізде түрлі іс-шаралар өткен болатын. Атап айтсақ оқушылар мен мұғалімдер арасында ән байқау сайысы, мұғалімдер арасында спорттық сайыстар, оқушылар арасында олимпиадалар өтіп жүлделі орындарға ие болды. Жаңа -жыл шыршасы да әр сынып өз сыныптарында жақсы деңгейде көңілді өткен болатын. Аз қамтылған, толық емес, мүмкіндігі шектеулі оқушыларымызға демеушілеріміздің қолдауымен сыйлықтар таратылды.
**Кеңес мүшесі Қойбағаров Ә:**
Білім беру мен қатар тәрбиелеу барысында жас ерекшеліктерін ескере отырып , балаларды шешім қабылдай алуға, өзін-өзі қамтамасыз етуге , еңбекке, тәртіп мәдениетіне ,ұжымда еңбек ете алатындай деңгейде бейімдеуде ұстаздардың еңбегі зор. Сол себепті менде мектепте атқарылып отырған жұмыстарды жақсы деп айта аламын. Әлеуметтік қолдау қажет ететін оқушыларға жан-жақты көмек көрсетуге дайынмын.

***Жоғарыдағы мәселелерді талқылай келе кеңес мүшелері қаулы етеді*.**

1. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек көрсету жұмыстары жандандырылсын.
2. Қамқоршылық кеңесінің жарты жылдық қорытынды есебі «қанағаттанарлық» деп бағалансын.
3. Мектептің материалдық-техникалық базасын жетілдіру мақсатында демеушілерді тарту жұмыстары жүргізілсін.

| | |
|---|---|
| 1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы | Адаев А |
| 2. Кеңес мүшесі | Ізімқұл С |
| 3. Кеңес мүшесі | Досанова Г |
| 4. Кеңес мүшесі | Молданиязова А |
| 5.Кеңес мүшесі | Беримова Г |
| 6. Кеңес мүшесі | Төлеуов Н |
| 7. Кеңес мүшесі | Жанұзақ А |
| 8. Кеңес мүшесі | Койбагаров Ә |
| 9. Кеңес мүшесі | Қапанова Л |
| 10. Кеңес мүшесі | Жұманбек А |
| 11. Кеңес мүшесі | Мұратова Е |

Қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамасы

№3 хаттама

Теректі мектеп-балабақшасы
11.03. 2024 жыл

Қатысушылар:

| | |
|---|---|
| 1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы | Адаев А |
| 2. Кеңес мүшесі | Ізімқұл С |
| 3. Кеңес мүшесі | Досанова Г |
| 4. Кеңес мүшесі | Молданиязова А |
| 5.Кеңес мүшесі | Беримова Г |
| 6. Кеңес мүшесі | Төлеуов Н |
| 7. Кеңес мүшесі | Жанұзақ А |
| 8. Кеңес мүшесі | Койбагаров Ә |
| 9. Кеңес мүшесі | Қапанова Л |
| 10. Кеңес мүшесі | Жұманбек А |
| 11. Кеңес мүшесі | Мұратова Е |

/11 Қамқоршылық кеңесінің мүшесі және мектеп әкімшілігі.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1 Наурыз мерекесіне арналған іс-шаралардың ұйымдастырылуы.
2. Оқушылардың каникул кезіндегі пайдалы және белсенді іс-әрекеттерін ұйымдастыру.
3. 2023-2024 оқу жылының екінші жарты жылдығы бойынша әлеуметтік көмек алуға бар отбасыларды және ыстық тамақпен қамтамасыз ететін әлеуметтік жағдайы төмен отбасы оқушылары мен тәрбиеленушілерінің жеке санаттарына қарай тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету және тізімін жаңартып анықтап беру

Тыңдалды:

I . Наурыз мейрамының ұйымдастырылуы және өткізуі туралы сөз кезегі тәрбие ісінің орынбасары М.Илясоваға және қамқоршылық кеңесінің мүшелеріне берілді. Тәрбие ісінің орынбасары 18наурыз күні мектеп 1-11-сынып оқушыларына Наурыз мейрамы ұйымдастырылатынын, мейрамды өткізу туралы жоспар бекітіліп, кестесі жасалғанын айтып өтті. Ұйымдастырылған іс-шаралардың көбісі ертеңгіліктер, сынып сағаттар әр сынып өз сыныптарында өтетінін хабарлады. Оқушылар сынап сағаттарынан кейін ата-аналарының ұйымдастыруымен наурыз көжелерін ішті. 18 наурыз күні «Наурыз – көктем шақырады!» атты мерекелік іс-шара өткен болатын. Іс-шараға 1-11 сынып оқушылары өз өнерлерін көрсетіп, белсенді қатысты . Аталған мерекелік іс-шара жоғары деңгейде өтті.

II. Кеңес мүшесі :Досанова Г
Жоспар жүйелі құрылған екен 18 наурыз күндері өткізілген «Қош келдің әз Наурыз!» сынып сағаттары, «Ұлттық ойындар-халық қазынасы» тақырыбында өткізілген асық ату, курес, т.б ұлттық ойындар арқылы оқушылардың бойына сіңіру «өте жақсы» құндылық деп білемін.
III. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы :Адаев А
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы –қамқоршылық жұмысын атқаратын қоғамдық заңды тұлға. Қамқоршылық кеңесі – қоғамдық бірлестік бірге басқарудың қоғамдық-мемлекеттік түрлерін дамыту және білім беру жүйесі ізгілік қызметтері мекемелеріне қолдау жасауға қосымша қаржы тарату мақсатында құрылады. Теректі мектеп- балабақшасында оқитын оқушылардың әлеуметтік жағдайын анықтап, және сол анықталған оқушыларды ыстық тамаққа тарту. Анықталған оқушылардың ата-аналарымен жұмыстану керек. Сонымен қатар 2023-2024 оқу жылының екінші жарты жылдығы бойынша әлеуметтік көмек алуға бар отбасыларды және ыстық тамақпен

қамтамасыз ететін әлеуметтік жағдайы төмен отбасы оқушылары мен тәрбиеленушілерінің жеке санаттарына қарай тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету, тізімін анықтап бекіту.

IV. Мектеп директоры: Н.Б.Нурсултанов:

Қамқоршылық кеңес мектептің өзін-өзі басқару органы болып табылатынын және мектептің қызметі мен дамуына жәрдемдесу үшін құрылатынын айтып өтті. Қамқоршылар кеңесі мектептегі балалардың қажетіне пайдаланылатын материалдық жағдайын қамтамасыз ету, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларынан шыққан оқушыларға қолдау көрсету, мектепке жабдықтар, материалдар мен оқу-әдістемелік әдебиеттер сатып алуға көмектесу үшін құрылған .

V. Л.Ж.Егешова-әлеуметтік педагог: Бүгінгі мәселе мектебімізде бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін балаларды анықтау, тізімін бекіту.

1. Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасының балалары.
2. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балалар.
3. Отбасында тәрбиеленетін жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар.
4. Төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді қажет ететін отбасылардан шыққан балалар.
5.Білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылармен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына жататын балалар.

Қазіргі таңда атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш берген 3 отбасы 6 бала анықталып отыр. Сонымен қатар ыстық тамаққа 7 отбасынан 17 балаға өтініш түсіп тұр. Білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылармен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына жататын балалар -7 отбасы 17 баланы ұсынамын. 7отбасының әлеуметтік жағдайы зерттелді,акт жасалды. Сіздерге зерттеу актісін ұсынамын. Бұл отбасылардың 1-уі қорғаншылықтағы бір баланы тәрбиелеп отырған отбасы, үш отбасы жалғыз басты аналар, екі отбасы көп балалы және бір отбасында бір жұмысшы ретінде тіркеліп тұр. Бұл отбасылардың табыс көздері, мал, құс жеке үй мүліктері зерттелді. Осы отбасыларға қаржылай көмек болмаса да мектепте ыстық тамақпен қамтамасыз етілсе деймін.

Кеңес мүшелері белгіленген мәселе бойынша сөйлегендерді тыңдап, мәліметтерді саралай отырып, **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2023-2024 оқу жылының екінші жарты жылдығында жеке санаттарына қарай 10 отбасының 23 баласына тегін ыстық тамақпен және материалдық көмекпен қамтамасыз етілсін. Ата-аналармен тығыз байланыс орнатып тиісті құжаттары жинақталсын.
2. Оқушылардың демалыс кезіндегі бос уақыттарын тиімді ұйымдастырылсын.

| | |
|---|---|
| 1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы | Адаев А |
| 2. Кеңес мүшесі | Ізімқұл С |
| 3. Кеңес мүшесі | Досанова Г |
| 4. Кеңес мүшесі | Молданиязова А |
| 5.Кеңес мүшесі | Беримова Г |
| 6. Кеңес мүшесі | Төлеуов Н |
| 7. Кеңес мүшесі | Жанұзақ А |
| 8. Кеңес мүшесі | Койбагаров Ә |
| 9. Кеңес мүшесі | Қапанова Л |
| 10. Кеңес мүшесі | Жұманбек А |
| 11. Кеңес мүшесі | Мұратова Е |

Қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамасы

№ IV хаттама

Тасқопа ауылы «Теректі мектеп-балабақшасы» КММ
Өткізілген күн: 29.05.2024 жыл
Өткізілген орны: Теректі мектеп-балабақшасы

| | |
|---|---|
| 1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы | Адаев А |
| 2. Кеңес мүшесі | Ізімқұл С |
| 3. Кеңес мүшесі | Досанова Г |
| 4. Кеңес мүшесі | Молданиязова А |
| 5.Кеңес мүшесі | Беримова Г |
| 6. Кеңес мүшесі | Төлеуов Н |
| 7. Кеңес мүшесі | Жанұзақ А |
| 8. Кеңес мүшесі | Койбагаров Ә |
| 9. Кеңес мүшесі | Қапанова Л |
| 10. Кеңес мүшесі | Жұманбек А |
| 11. Кеңес мүшесі | Мұратова Е |

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

I . «Жаз-2024» оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру туралы .
I I . Қамқоршылық кеңесінің есебі, 2024-2025 оқу жылына жұмыс жоспарын жоспарлау.

Тыңдалды:

1. «Жаз-2024» оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру туралы Теректі мектеп-балабақшасының Тәрбие ІО: М.Илясова мектепте жазғы лагерь ұйымдастырылғалы отыр. Лагерь бес кезеңнен тұрады яғни 1-ші кезең ойын лагері 5-7 сыныптар арасында 05-16.06.2024ж, еңбек лагері 10 сыныптар 05-16.06.2024ж, өнер лагері 2-5 сынып аралығы 19-30.06.2024ж, оқу лагері 1-4 сыныптар арасын да 03-14.07.2024ж, таным лагері даярлық топ 07-18.08.2024жылда жұмыс жасайды деп жоспарлануда. Мектебімізде аз қамтылған, көп балалы отбасы, жетім, толық емес отбасы оқушылары қамтылады. «Балдәурен» сауықтыру лагері 5 маусымда жұмыс жасайды. Оқушылар таңертең 9.00 -ден 13.00 -ге дейінгі уақытта сауықтырылады. Әр кезең бойынша жұмыс жоспары бекітілді. Мақсаты: Балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуы, мен бос уақытын өткізуін қамту. Міндеттері: Балалармен жасөспірімдердің денсаулығын нығаюына, шығармашылық еңбегіне, өздерінің қабілеттерін іске асыру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету. Азаматтық сана сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтының дағдыларын қалыптастыру. Қоғамдық пайдалы іс-әрекетте дағдыларын практикалық түрде қолдану. Жазғы демалыс бүгінгі таңда тек әлеуметтік жағынан қорғауға ғана емес , шығармашылық дамуын, интеллектуалдық және жан әлемін байытады.

II. Қамқоршылық кеңесінің есебі, келесі 2024-2025 оқу жылына жұмыс жоспарын жоспарлау.

Кеңес мүшесіМолданиязова А:
Ол өз сөзінде мектепте өткен Қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстарының нәтижелері туралы айтып өтті. Қайырымдылқ шараларға белсенділік танытып тұлғаларды марапаттауға ұсыныс жасады. Мектепте өткен іс- шараларға атсалысқан кеңес мүшелеріне алғысын білдіріп келесі оқу жылына қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын жоспарлауға ұсыныс жасады.

Кеңес мүшелері белгіленген мәселе бойынша сөйлегендерді тыңдап, мәліметтерді саралай отырып **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. «Жаз -2024» кезіндегі оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру жұмысын жоспарға сәйкес өткізілсін.
2. Қамқоршылық кеңесінің 2023-2024 оқу жылының көрсеткішіне «жақсы» деген баға берілсін.
3. 2024-2025 оқу жылына Қамқоршылық кеңес жоспары бекітілсін.

| | |
|---|---|
| 1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы | Адаев А |
| 2. Кеңес мүшесі | Ізімқұл С |
| 3. Кеңес мүшесі | Досанова Г |
| 4. Кеңес мүшесі | Молданиязова А |
| 5.Кеңес мүшесі | Беримова Г |
| 6. Кеңес мүшесі | Төлеуов Н |
| 7. Кеңес мүшесі | Жанұзақ А |
| 8. Кеңес мүшесі | Койбагаров Ә |
| 9. Кеңес мүшесі | Қапанова Л |
| 10. Кеңес мүшесі | Жұманбек А |
| 11. Кеңес мүшесі | Мұратова Е |